

TYRKI TILDERİNDE DYBYSTYK QURAMY TOLYK SÄYKES KELETİN ATAUJAR

NAME (S) IN THE TURKIC LANGUAGES, THE SAME (CORRESPONDING) TO THE SOUND STRUCTURE

TÜRK DİLLERİNDE AYNI SES YAPISINA GELEN İSİMLER

Bakytgul Raihankizi Kulzhanova
Assoociated professor

El-farabi adindaki Kazak milli universitesi
Filoloji, edebiyat teoriyasi ve alem dilleri
fakultesi Kazak dil bilimi bolumu

Tүйін

Мақалада орта ғасыр түркі жазба ескерткіштері тілінде кездесетін зат есімдердің орта ғасырлық және қазіргі заманғы мағыналары салыстырылады. Ескерткіштер тілінде фонетикалық пішіні де, мағынасы да толық сәйкес келетін атаулармен қатар, фонетикалық пішіні толық сәйкес келгенімен, мағынасында айырмашылығы бар атаулар да кездеседі. Уақыт өте келе осы зат атауларында болған өзгерістер сыры ашылып, қазақ тіліндегі мағыналарымен салыстырылады.

Тірек сөздер: орта ғасыр, зат есімдер, Қутадғу билиг, һибат-ул хақайық, бір буындылар.

Ozet

Tebliğimizde orta asır yazılı abidelerindeki isimlerin orta asır ve günümüzde kullandığımız anlamları karşılaştırmalı şekilde ele alınacaktır. Abidelerde fonetik bakımından hem anlamı hem biçimi değışmemiş isimlerle beraber fonetik biçimi değışime uğramasa da anlam bakımından değışmiş isimlere karşılaşmak mümkündür. Değışime uğramış isimlerin içerikleri açıklanarak Kazak Türkçesi'ndeki anlamlarıyla karşılaştıracamız.

Anahtar kelimeler: Orta asır, isimler, Kutadgu Bilig, Atabetü'l Hakayık, tek heceliler

Summary

Mid century, and meanings of the names we use today in our mid-century monument written communiqué will be discussed in a comparative manner. Abide in terms of both meaning and form of phonetic name changed along with changes in phonetic format uğramas it is possible to encounter the names changed in meaning. Modified names will be announced and compare meaning of the Kazakh Turkish content.

Keywords: Middle ages, names, Kutadgu Bilig, Atabetü'l Hakayık, monosyllabic and

Түркі тілдері лексикасы тарихи даму барысында лексикалық жағынан да, фонетикалық жағынан да, грамматикалық жағынан да сан алуан өзгерістерге түскенін жоғарыда айтып

өттік. Мұндай даму заңдылықтарын түркологтар, бүкіл тілшілер аксиома ретінде қабылдаған. Алайда сонау ежелгі дәуірлерден осы кезге дейін мұрты шағылмай келген сөздер де едәуір топ құрайды. Дыбыстық құрамы өзгермеген атаулар зат есімнен ғана емес, етістіктен де, сын есімнен де, сан есімнен де, қысқасы барлық сөз таптарынан да ұшырайды. XI-XII ғасырлар ескерткіштері тіліне және қазақ тіліне ортақ дыбыстық құрамы бірдей зат есімдерді іштей: 1) фонетикалық пішіні де, мағынасы да толық сәйкес келетін атаулар; 2) фонетикалық пішіні толық сәйкес келгенімен, мағынасында айырмашылығы бар атаулар деп екі топқа бөлуге болады.

1) **Фонетикалық пішіні де, мағынасы да толық сәйкес келетін атаулар** мына төмендегілер; **Бір буындылар. Сүт.** *Ананың, төлдеген малдың, тағы басқа сүт қореті жануарлардың емшегінен шығатын түсі ақ, қоректік маңызы зор сұйық зат.* Қымыз сүт йа йүң йағ йоғурт курт ҚБ 320 (**К. Каримов. 1971**). (Қымыз, сүт, тоңлаған май, айран мен құрт). **Сан.** *Белгілі бір заттың, құбылыстың, есеп мөлшері.* Ол анда йатыбан берүр саныны hX 276 (Өзі көрде жатып, малының санын береді): **Қар.** *Қыста жапалақтап жауатын түсі ақ атмосфералық жауын-шашын.* Қыш ерса йана түш көрүгли қары Ақар сув түшаса йа буз қар толы ҚБ 360 (Өмірінің ақырына (қысына) жақындаған қарт түс көрсе, Түсінде ағып жатқан суды немесе жер бетін жапқан қарды, мұзды көреді). **Қой.** *Күйік қайыратын, тығыз жүнді, уақ мал; төрт түлік малдың бірі.* Тонум қой йүңи тап йегүм арпа аш ҚБ 343 (Киімім – қой жүні, қанағат етер асым – арпа): **Қаз.** *Суда жақсы жүзетін, мойны ұзын жабайы және үй құсы.* Қаз өрдәк қуғу қыл қалықығ туды ҚБ 14 (Қаз, үйрек, аққу, қылдар аспанды толтырды): **Көл.** *Айналасы табиғи не жасанды түрде тұйықталған, дөңгелек не сопақша біткен айдын-шалқар су.* Вафы көли суғлуп куруп йоллары hX 387 (Опа көлі суалып, көздері құрып). **Күз.** *Жаздан кейін келетін, жылдың төрт мезгілінің бірі.* Келүр күз кечар йаз барур бу умур hX 453 (**Сағындықұлы Б. 2002**). (Күз келеді, жаз кетеді, бұл өмір өтеді). **Ай.** 1. *Түнде жерге жарық сәуле беріп тұратын планета.* Йарутты ажунда күнүг һәм айығ ҚБ 21 (Күн мен ай әлемді жарық етті); 2. *Жылдың он екіден бір бөлегін қамтитын мезгіл, 30 күндік мерзім.* Тұкал он секиз айда айдым бу сөз ҚБ 392 (Толық сәл он сегіз айда бұл сөзді баяндап шықтым). **Ат.** *Көлік ретінде саят мінілетін, арба-шанаға жегілетін және әр түрлі шаруашылық жұмыстарға пайдаланылатын еркек жылқы.* Атында коды түшти ҚБ 190 (Атынан жерге түсті). **Бөз.** *Жұқа, болбыр, бостау мата.* Қалы болса атлас унутма бөзүң hX 354 (Егер атлас кисең, бір кезде киген бөзінді ұмытпа). **Тай.** *Бір жаспан асқан, екі жасқа әлі томаған жылқы төлі.* Кевал мүндүң арқун йема тазы тай ҚБ 415 (Асыл тұқымды жүйрік міндің, арабтың таза тайын міндің). **Түн.** *Тәуліктің кешкі уақыттан таңертеңгілікке дейінгі аралығы, қараңғы бөлігі.* Қараңқуда ердим йарутты түнүм ҚБ 39 (Қараңғыда едім, құдай түнімді жарық етті). **Кек.** *Біреуге, жауға, дұшпанға т.б. деген өшпенділік, өштік, қастық; ашу-ыза.* Негү тер ешитгил билүр кеги йоқ ҚБ (Білімді кегі жоқ адам не деп айтады, есіткіл). **Таң.** *Күн шығар алдындағы мезгіл.* Ешит бут бу сөзга қамуғ таңда жан Қопуп тилга йүкнүп таззару қылур hX 147 (Тыңда. Илан бұл сөзге. Бағзы біреулер күн сайын таңсәріде тұрып, тілге жүгініп, құлшылық етеді). Тағысын тағылар.

Фонетикалық пішіні де, мағынасы да толық сәйкес келетін екі буындылар. **Қалқан.** *Батырлардың соққы, оқ дарытпау үшін қолына ұстайтын қорғаныс құралы.* Тайақлық йағықа темүр қалқан ет ҚБ 306 (Таяқпен қаруланған темірден жасалған қалқан ұста). **Қайың.** *Ақ қабықты, жүрекиие жапырақты, бойлап өсетін ағаш.* Қайың тег бодум ерди оқ тег көни түз йа тег егри егилдим төңиттим ҚБ 387 (Бойым қайың сияқты мықты еді, оқ сияқты түп-түзу болатын, Енді жақ сияқты иіріліп иілдім, бүкірейдім). **Қарға.** *Тамақ талғамай, көбіне өлексемен күнелтетін түсі қара, еті арам құс.* Бу алп ер секритип чериг тарғаны Лачын куш ковар тег қалын қарғаны ҚБ 88 (Бұл алып ер атын секіртіп жау әскерін бытыратты, Лашын құстың көп қарғаны быж-тыж еткеніндей). **Қымыз.** *Бие сүтінен ашытылған қышқыл дәмді сусын.* Қымыз сүт йа йөң йағ йа йоғурт курт ҚБ 264 (Бие сүтінен жасалған қымыз немесе тоң май немесе айраннан жасалған құрт). **Арпа.** *Бидайға ұқсас қалың қауызды, дәнді астық.* Тонум қой йуңи тап йегүм арпа аш ҚБ 343

(Киімім – қой терісі, қанағат етер асым – арпа). Сақал. Еркек адамның иегі мен жағына шығатын түк. Сақалың үрүң болса келди өлүм ҚБ 264 (Сақалың ағарса, өлім келді деп есепте). Тағысын тағылар.

Қазіргі қазақ тіліндегі зат есімдерді XI-XII ғасырлар ескерткіштері тіліндегі зат есімдермен салыстырғанда осы сияқты дыбыстық тұлғасы да, мағынасы да толық сәйкес келетін атаулар біршама кездеседі. Бір ғана сөз табы емес, сөздік құрамды тұтасынан салыстырғанда мұндай толық сәйкесетін атаулардың саны едәуір дәрежеде көбейетіні түсінікті. Бұл жерде фонетикалық пішіні де, мағынасы да бір-біріне толық сәйкес келетін сөздер ежелгі дәуірде де қазіргі кезде де бір-ақ мағыналы болғанын атап айтқымыз келеді.

2) Ескерткіштер тілінде сонымен қатар **фонетикалық пішіні толық сәйкес келгенімен, мағынасында айырмашылығы бар атаулар** да бар. Бір буындылар бойынша. Мұндай зат есімдер көбіне ескерткіштерде де, қазіргі қазақ тілінде де көп мағыналы болып келеді.

АТ. 1. *Адамның есімі, ныспысы мағынасында.* Атасы аты Махмуди Йүгінәки ҺХ 477 (Атасының аты – Махмуд йүгінеки). 2. *Лауазым, дәреже мағынасында.* Атым құл тапуғчы көр орным қапуғ ҚБ 53 (Атым – қызметші құл, орным есік алдында). 3. *Заттың, нәрсенің, құбылыстың атауы мағынасында.* Адибниң йери аты Йүгнәк арур ҺХ 475 (Шайырдың жерінің аты – Йүгінек деп аталады).

ҚБ-те бұл мағыналардың үшеуі де кездессе, ҺХ-та бірінші, үшінші мағыналары ғана ұшырайды. Бұлай болуы, әрине, шығармалардың көлеміне, тақырыбына, жанрына, авторлардың сөз қолдану шеберлігіне байланысты. **Ат** сөзінің 1) адам есіміне (Махмуд Йүгінеки), 2) қызмет дәрежесіне (қызметші құл), 3) жер атауына (Йүгінек) тіркесуіне орай лексикалық мағынаның құбылып, әр түрлі мән алып отырғанын байқаймыз.

Мұның сыртында осы сөздің қазақ тілінде мынадай мағыналары ұшырайды. 1. *Атақ, даңқ.* Атың шықпаса жер өрте (мақал). 2. *Үй жануарларына қойылған қосымша ат.* Мына сиырдың аты – «Ақшабақ» (Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі: 1-т. / Жалпы ред. Басқ. Ысқақов А.Б. 1980: 411). Талдау аталған сөздің даму мүмкіндігі үлкен екендігін көрсетеді.

КӨК. Бұл сөздің ҚБ-те екі, ҺХ-та екі мағынасы болғанымен, біреуі өзара мәнделс болып шықты. 1. *Өсімдіктің тамыры деген мағынада.* Йеми от көки ичкү йағмур сувы ҚБ 440 (Жейтіні – шөп тамыры, ішетіні жаңбыр суы еді); Адауат көкини қазып кес көчүр ҺХ 338 (Дұшпандықтың тамырын терең қаздағы кесіп алып таста); 2. *Іргетасы, негізі, тірегі деген мағынада.* Булар ерди дин хәм шарифат көки ҚБ 13 (Бұлар діннің әрі шарифаттың тірегі еді); 3. *Шыққан тегі, негізі деген мағынада.* Көки көрклүг ерниң хойы көркүлүг ол ҺХ 317 (Тегі асыл адамның мінезі де сүйкімді).

«Өсімдіктің тамыры» деген мағына ҚБ-ке де, ҺХ-қа да ортақ. Алайда ҚБ-те тура мағынасында (*от көки – шөп тамыры*) тұрса, ҺХ-та ауыспалы мағынасында (*адауат көки – дұшпандық тамыры*) жұмсалған. «Іргетасы, негізі, тірегі» деген мағына ҚБ-те ғана кездессе, «шыққан тегі, негізі» деген мағына ҺХ-та ғана ұшырайды. Бұл мағыналардың барлығы метафора тәсілі арқылы қалыптасқан.

«Һибат-ул хақайиқ» ескерткіші тіліндегі «шыққан тегі, арғы тегі, ата-бабасы» деген мағына жансыз дүниенің атауын жанды дүниеге (адамға) ауыстырып қолданудың негізінде пайда болған. Тіпті аталған сөз одан әрі дамып, «ру» мағынасын берген. Бұл туралы тілші-ғалым Ә. Нұрмағамбетов былай деп жазады: «В. Радловтың көрсетуінше, телеуіт тілінде «көгі» сөзі «ру» мағынасында қолданылған» (В.В. Радлов. 1988-1911:139). Алайда бұл мағыналардың барлығы да қазіргі қазақ тілінен шығып қалған.

Көк сын есімі қазақ тілінде «ашық аспан тәрізді түс» деген мағына береді. Тілшілер қауымы бірауыздан бұл сын есімнің «түпсіз тұңғиық әлем, аспан» ұғымында жұмсалатын көк зат есімінен туындағанын айтады. «Мінгенде атыңдөнен-ді Көкке тойған Көбеңді» («Қыз Жібек») өлең жолдарындағы көк «қаулап өскен шөп, әр түрлі өсімдік» мағынасында жұмсалып, сын есімнен тағы бір зат есімге айналып тұр. Бұл мағыналар, керісінше, аталған ескерткіштер тілінде жоқ.

Біздіңше, санамаланған мағыналардың арасында мынадай байланыс бар. Ашық аспан тәріздес түс – көгілдір түс (голубой), енді көктеп шыққан шөптердің, өсімдіктердің түсі – жасыл түс (синий). Өсімдіктердің, шөптердің өздері көктеп шыққан негіздерімен тамырларымен байланысы бар екендігін ескерсек, жасыл түстің **көк** (тамыр, көктейтін дән) сөзінен шыққандығын тұспалдауға болады. Олай болса, аспан көк пен жасыл көктің этимологиялық жағынан айырмасы бар.

Ескерткіштерде бір-ақ мағынада, атап айтқанда, тура мағынасында қолданылған бір буынды зат есімдер қазақ тілінде бірнеше ауыспалы мағынаға ие болып, жан-жақты дамыған.

ҚАН. Дененің барлық клеткаларына қорек беріп тұрған, тамырларды қуалап ағатын қызыл сұйық зат деген мағынада. Қызыл ағзы қан тегқашы қап-қара ҚБ 18 (ОЛ құстың аузы қан сияқты қып-қызыл қасы қап-қара). Қазақ тілінде бұл сөз *тегі бір тұқым, туыс* деген ұғымды да қамтиды. Сенбегені ғой. Қаны басқа емес пе? (Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі: 3 –том. / Жалпы ред. Басқ. Ысқақов А.Ы. 1980: 623).

«1941 жылдың июні қан мен қайғы әкелген жексенбі болатын» деген сөйлемде ол өлім, ажал деген мағына беріп тұрса, «оның бүйірінде қатып жатқан қан бар ғой» деген сөйлемде *ашулы кек, ыза, намыс* деген мағынада жұмсалған.

ЕМ. Аурудың (дерттің, кеселдің) айығуына себі тиетін нәрсе; дауа, ишпа деген мағынада. Буигга еми йоқ ҚБ 47 (Бұл аурудың емі жоқ). Қазақ тілінде бұл ұғымның сыртында *әрбір ауруға қарсы қолданылатын емдеуәрекеті, емдеу ісі* деген мағына береді. Демек, бұл сөздің мағынасы жалпыланып, әлдеқайда кеңейген. «Мұның емі қайсы? Нендей шара, қандай ықпалжасауға болады» деген сөйлемдегі ем зат есімі *бір нәрсенің амалы, айласы, шарасы*» мағыналарын беріп тұр. Кейде бұл сөз поэтикалық өң алып, *жүрек дауасы, көңіл қалауы* деген мәнде жұмсалады (Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі: 3 – том. / Жалпы ред. Басқ. Ысқақов А.Ы. 1980: 337).

ТОР. Жіптен кереге көздендіріп, шаршылап тоқылған зат деген мағынада. Усайуқ бу йаңлуқ өзи ҚБ 208 (Адам дегеніміз өзі ұсақ, көзі тоймайтын сұқ емес пе? Қалайша ол өз еркімен құрылған торға кірмейді?). Қазақ тілінде бұл ұғымға *балық аулайтын ау* деген мағына үстелген. Соңғы келтірілген мысалдар бір кезде бір мағыналы сөздің уақыт өте келе әр түрлі себептердің ісерінен қалай дамитынын көрсетеді.

Дыбыстық тұлғасы сәйкес келетін сөздердің кейде көп мағыналықтан басқа да сәйкес келмейтін тұстары болады. Бірақ әйтеуір бір мағыналық байланысы бар екендігі сезіліп тұрады.

ҚОР. Зиян, шығын, залал деген мағынада. Чықыш көрмаса иш болур ерка қор ҚБ 54 (Шығысын көріп байқай алмаған адам ақырында шығынға батады). «Бұл ауылда менен қор адам жоқ па, неге басынасың?» деген сөйлемде **қор** *сорлы, бейшара байғұс* деген мағына беріп тұр (Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі: 6 –том. / Жалпы ред. Басқ. Ысқақов А.Ы. 1980: 337)

Шығынға, зиянға ұшырай-ұшырай ақырында адамның қор болатындығы мегзеледі.

ҚЫЛ. Тау қырқасы деген мағынада. Йазы тағ қыр опры төшанди йадып ҚБ 16 (Жазық дала, тау қырқасы ойпаң жерлер көк шөпке бөленіп масатыдай кілем төсенді). Қазақ **қыр** атауын *созылып жатқан биік жер, жал* деп түсінеді. Біз де демімізді ішке тартып, қыр басына көтерілген екеуге қызғана қарап қалдық (Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі: 6 –том. / Жалпы ред. Басқ. Ысқақов А.Ы. 1980: 614). Ұқсату заңы бойынша ау қырқасы да, тауға қатысы жоқ қырқалар да бір-ақ сөзбен аталғанға ұқсайды.

ҚЫЛ. Шаш деген мағынада. Йолуң қылда йинчка өзүнни көнит ҚБ 434 (Жолың шаштың қылынан да жіңішке, өзінді тура жолға сал). Қазақ тіліндегі мағыналары: 1. *Жал-құйрықтың, кекілдің жіңішке талшықтары, талдары*; 2. *Жалпы қылыш, түк, жүн-жұрқа*. Көне түркі тілінде «шаштың қылы» деген тіркес қолданыла-қолданыла «шаш» сөзінің семантикасы «қыл» сөзіне ауысқан сияқты.

Фонетикалық пішіні толық сәйкес келгенімен, мағынасында айырмашылығы бар атаулар **екі буынды** зат есімдер арасында да кездеседі.

АТА. Бұл сөз аталған ескерткіштерде бір ұғымда – *туған әке, өз әкесі* – деген мағынада ғана қолданылған. Ал қазақ тілінде бірнеше ұғымға ие болған: 1. *Үлкен әке, әкенің әкесі; бергі ата;* 2. *Адамдардың туыстық, қандастық жігі; ру;* 3. *Тегі, нәсілі, шыққан жері, тұқымы;* 4. *Ерлі-зайыптылардың қайын әкесі.* 5. *Қария, қарт, ақсақал (құрметтеу, сыйлау мағынасында);* 6. *Бір нәрсенің негізі, басы, түп төркіні.* Әрқашан «ата» атауымен қатар қолданылатын АНА затесімі де орхон-енисей ескерткіштерінде де, көне түркі жазба ескерткіштерінде де бір ғана мағынада: *туған шеше.* Бұл сөздің қазіргі қазақ тіліндегі мағынасы кеңейіп жалпыланған. Кез келген әйелді «ана» деп атай береміз. Мұның үстіне аталған атау *негіз, түп, тамыр* деген мағына жамап алған.

Біздіңше, қазақ тіліндегі мағыналар соңғы мың жарым, мың жылдың төңірегінде пайда болған сияқты. Ескерткіштерде бір ғана мағынада жұмсалуды осындай ой түюге мүмкіндік береді.

ТАРМАҚ. *Тырнақ деген мағынада.* Не йавлақ нең ол бу өлүм тармақы ҚБ 54 (Өлім тырнағынан артық жиіркенішті не нәрсе бар). Қазақ тілінде **тармақ** деген зат атауы кездеседі. Бірақ беретін мағынасы жуықтамайды: *бір нәрсенің, заттың тарауы, бөлегі, саласы.* Түп-төркіні басқа-басқа омонимдес сөз болуы да мүмкін.

Фонетикалық пішіні де, мағынасы да толық сәйкес келетін атауларды да, фонетикалық пішіні толық сәйкес келгенімен, мағынасында айырмашылығы бар атауларды да одан әрі тізбектей беруге болады. Бұл жерде бір сұрақ туындайды. Осыншама сөз қаншама ғасырлар қойнауынан біздің заманымызға қалайша дыбыстық өзгеріске ұшырамай жетті? Біздіңше, бір дауысты мен бір дауыссыздан тұратын буындар, мейлі ол ашық буын болсын, мейлі ол тұйық буын болсын, барынша берік болады (ар, ат, от, ас, ем т. Б.). Сондай-ақ тұйық буындардың да өміршеңдігі бұлардан артық болмаса, кем емес (күн, түн, тор, қыр, көк, бек т. Б.). Тұйық буын тұйық буын біріккенде де (тар+мақ, қал+қан, топ-рақ, қар+мақ, бай+лық т. Б.) осы ерекшелік сақталады. Ба+қыр (мыс) атауында бір дауыссыз бенбір дауыстыдан тұратын ашық буын бітеу буынмен тіркесіп тұр. Ар+қа атауында тұйық буын мен ашық буын бас қосқан. Яғни сөз дыбыстық тұрақтылығын сақтау үшін бір дауысты, бір дауыссыздан тұратын ашық, бітеу буыннан, сондай-ақ екі дауыссыздың қоршауындағы бітеу буыннан түзілуі қате екен. Бірақ буындар бұлайша түзіле бермейді. Сан алуан құбылады да, фонетикалық, фонологиялық өзгерістерге ұшырайды.

Қазақ тілінде дыбыстық жағынан өзгеріске ұшырамаған сөздер өзге тілдерде басқаша айтылады. Мысалы, қазақ тіліндегі қар (снег) азербайжан, түрікмен тілдерінде –ғар. Оның үстіне түрікмен тілінде а созылыңқы айтылады. Ат (имя) түрік, азербайжан тілдерінде – ад. Таң (расвет) түрік тілінде – дан, түрікмен тілінде даң. Орта ғасыр ескерткіштері тілі мен қазақ тіліне ортақ сөздердің өзге түркі тілдерінде осылайша айырмашылығы бар. Қазақ тілі жалпы түркілік белгілерді сөз басында немесе сөз аяғында көбірек сақтаса, оғыз, қарлұқ-ұйғыр тілдерінде бұл заңдылық бұзылып, фонетикалық нормадан

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Каримов К. Юсуб Хос Хожиб. Қутадғу билиг. Тошкент, 1971
2. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі: 10 томдық / Жалпы ред. басқ.А.Ы. Ысқақов. – Алматы: Ғылым, 1986. – 9 т. – 560 б.
3. В.В. Радлов. Опыт словаря тюркских наречий. 1988-1911.
4. Сағындықұлы Б. «Ғибат-ул хақайиқ» – XII ғасыр ескерткіші. – Алматы: Қазақ университеті, 2002. – 184 б.